

Тақырыбы:

Етістік сөзжасамы

ОРЫНДАҒАН: ЖҰЛДЫЗ АҚҚУ
ТЕКСЕРГЕН: АЛДАШЕВ.Н

- Синтетикалық тәсіл етістік сөзжасамында белсенді қызмет атқарады. Синтетикалық тәсіл арқылы етістіктің жасалуы сөзжасамдық жұрнақтармен байланысты. Етістіктің сөзжасамдық жұрнақтарының негіз сөзге жалғанып, оның мағынасын өзгертуі не түрлендіруі **синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы** деп аталады. **Мысалы**, көгер, жасар, тыңда, қозға, сөйле, көрсет, жуын, оқыт, сөндірі, жазғыз т.б. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбір етістіктер деп аталады.

ТУЫНДЫ ТҮБІР ЕТІСТІКТЕР ҮШІН ЕКІ МОРФЕМА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ. ОНЫҢ БІРІ — НЕГІЗ СӨЗ, ЕКІНШІСІ — ЖҰРНАҚ.

- *Негіз сөз толық мағыналы дербес сөзден болады. Тұлғасы жағынан негіз сөз негізгі түбір, туынды түбір де болады. **Мысалы**, толық, ағар, жина, көгерт, емдет т.б*
- *Тілде негіз сөздер жұрнақсыз да қолданыла береді. **Мысалы**, Үлкенмен ақылдас. Ақылы бар бала деген сөйлемдердегі ақылдас туынды түбірінің негіз сөзі ақыл екінші сөйлемде дербес сөз қызметінде қолданылып тұр. Бұл - негіз сөз атаулыға тән құбылыс. Бірақ аздаған туынды түбір етістіктердің негіз сөздерінде қазір бұл қасиет жоқ. **Мысалы**, оян, оят, аңқай, аңқи, өңки, тыңқи, жымпи, семір, жұбан, жұбат, ұзай т.б. сияқты бір топ туынды түбір етістіктердің жұрнақтары анық көрініп тұрады да, негіз сөздері жұрнақсыз жоғарыдағыдай жеке қолданылмайды, бірақ олар туынды түбір етістік деп танылады*

□ Ал олардың *негіз сөзі* бір кездері дербес сөз болғанымен, қазіргі тілде түбір сөз ретінде қолданылмайды. Мұндай түбірлерді орыс тіл біліміндегідей *байлаулы түбір* деуге болады. Байлаулы туынды түбір етістіктер жұрнақтары арқылы танылады, өйткені ондағы негіз сөздер қазіргі тілде қолданыста жоқ. Тарихи тұрғыда қазір туынды түбір етістік деп дәлелденіп жүрген біраз етістіктер бар, *олар*: кел, кет, тол, той т.б. Бұлар қазір негізгі түбір болып саналады.

ЕТІСТІК СӨЗЖАСАМЫНДА БАРЛЫҚ СӨЗ ТАБЫ НЕГІЗ БОЛЫП, СӨЗЖАСАМДЫҚ БІРЛІК ҚЫЗМЕТІН АТҚАРАДЫ. ОЛАРДАН:

зат есім

Ғ

сын

Қ

сан

Ш

Есімдікті

Қ

үстеуді

Ғ

етістікті

Ө

ортаңайды

е

Ғ
Қ
Ш
Қ
Ш
Қ
Қ
Ғ
Ғ
Ө
е
е
е

-
- *Аналитикалық тәсіл де етістік сөзжасамында белсенді қызмет атқарады. Мұнда да негіз сөздер қызметінде түрлі сөз таптарының сөздері колданыла береді: адам ет, ақылды бол, жақсы көр, дем ал, бас қатыр, келіп кет, алып бер, кіріп шық, жинап ал, керіп кел т.б*

ЕТІСТІКТІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҰРНАҚТАРЫ

- Етістік сөзжасамдық жұрнақтарға бай, олар алуан түрлі. Етістік жұрнақтары түрлі сөз таптарының сөздерінен туынды түбір етістік жасайтын болғандықтан, Олар *есім сөздерден етістік жасайтын және етістіктен етістік жасайтын жұрнақтар* болып бөлінеді. Есім сөз таптарының сөздерінен синтетикалық тәсіл арқылы сөзжасамдық жұрнақтар *туынды түбір етістік* жасайды: сына, ойна, қыбырла, жемде, ағар, көбей, қысқар, өзгер т.б. Етістіктен етістік жасалуы да етістік сөзжасамынан кең орын алады: бүрке, келтір, алғыз, сайрат, жөндеткіз т.б

ЕТІСТІКТІҢ ЖҰРНАҚТАРЫ ҚҰРАМЫ ЖАҒЫНАН ЖАЛАҢ ЖӘНЕ ҚҰРАНДЫ БОЛЫП БӨЛІНЕДІ:

- 1) жалаң жұрнақтар бір морфемадан тұрады: ақта, есей, сыйла, өзгер, менсін, жолық, теңел, адамсы, құтай, ата т. б*
- 2) Құранды жұрнақтар ең кемі екі морфомадан құралады: -лан(-ла+-н), -лат(-ла+-т), -лас(-ла+-с), -сара(-са+-ра), -ырай(-ыр+-ай): қарулан, әндет, көмектес, ойсыра, ажырай, бадырай т.б. Сонымен бірге етістіктің жекелеген туынды түбір етістік жасаған өнімсіз жұрнақтары да бар: -ши (шұқши), -и (селти), -ке (иіске), -іне (есіне), -ірке (есірке, мүсірке, тосырқа) т.б*

-
- *Етістіктің сөзжасамдық жұрнақтары лексикалық мағынаға әсеріне қарай **сөз өзгертуші және сөз түрлендіруші жұрнақтар** болып бөлінеді.*
 - ***Сөз өзгертуші жұрнақтарға** негізінен есім сөздерден етістіктудыратын жұрнақтар жатады.*
 - *Лексикалық **мағынаны түрлендіретін жұрнақтарға** етістіктен етістік жасайтын жұрнақтар жатады.*
 - *Лексикалық **мағынаны өзгертетін жұрнақтар** деп негіз сөздің лексикалық мағынасын өзгертіп, одан қимыл мағынасын жасайтын жұрнақтар аталады.*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 1974. 237-248, 293-295-б.*
- 2. Қазақ тілінің грамматикасы: 1967. 138-140, 162-165, 168-б.*
- 3. Қазіргі қазақ тілі. 1954. 281, 289-291-б.*
- 4. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік, 1966. 11, 34-45-б.*
- 5. Хасенова А. Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер. 1959. 24-27, 90-95, 104-б.*
- 6. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. 1989. 64-89, 238-286-б.*
- 7. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. 1986. 63-64, 84-89-б.*